

Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қазандағы N 1130 Қаулысы

Ескерту. 4-тармақты қоспағанда, күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.09.2014 № 1003 қаулысымен.

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.05.2014 № 441 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" 2004 жылғы 29 қыркүйектегі N 1449 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі туралы ереже;

2) алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 25.01.2013 N 32 Қаулысымен;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.05.16 N 405; 2010.03.31 N 252; 2012.03.12 N 319; 25.01.2013

N 32; 04.05.2014 № 441 Қаулыларымен.

2. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.11.29 N 1148 (қол қойылған күнінен бастап отыз күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

3. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.06.26 № 846 Қаулысымен.

4. Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің Мұрағаттар мен құжаттаманы басқару жөніндегі комитеті Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитеті етіп қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.05.16 N 405 Қаулысымен

5. Қоса беріліп отырған:

1) Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2006.05.16 N 405 Қаулысымен.

2) Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.11.29 N 1148 (қол қойылған күнінен бастап отыз күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

3) Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2006.05.16 N 405 Қаулысымен.

4) Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2010.03.31 N 252 Қаулысымен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

5) тармақшамен толықтыру көзделген - ҚР Үкіметінің 2010.06.30 № 675 Қаулысымен (жариялануға жатпайды).

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.05.16 N 405, 2010.03.31 N 252 Қаулыларымен.

6. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.11.29 N 1148 (қол қойылған күнінен бастап отыз күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

7. Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінің аумақтық органдары - мемлекеттік мекемелері таратылсын.

8. Қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

9. Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі осы қаулыны іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.05.2014 № 441 қаулысымен.

10. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді. Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі Қазақстан Республикасы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4

ж ы л ғ ы

2 9

қ а з а н д а ғ ы

N

1 1 3 0

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі туралы ереже

Ескерту. Ереженің тақырыбы жаңа

редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.05.2014 № 441 қаулысымен. Ескерту. Ереже жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 25.01.2013 N 32 Қаулысымен. 1. Жалпы ережелер 1. Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) мәдениет, ішкі саяси тұрақтылық, этносаралық келісім, тілдерді дамыту, мемлекеттік рәміздер, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс салаларында басшылықты, сондай-ақ заңнамада көзделген шекте салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.05.2014 № 441 қаулысымен.

2. Министрліктің мынадай ведомстволары бар:

1) Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің Мәдениет және өнер істері комитеті;

2) Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің Тіл комитеті.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.05.2014 № 441 қаулысымен.

3. Министрлік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Министрлік мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарда шоттары болады.

5. Министрлік азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Министрлік егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Министрлік өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Министрлік басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Министрліктің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Министрліктің орналасқан жері: 010000, Астана қаласы, Орынбор көшесі, № 8 үй, «Министрліктер үйі» ғимараты, 15 - кіреберіс.

10. Министрліктің толық атауы: «Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі» мемлекеттік мекемесі.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.05.2014 № 441 қаулысымен.

11. Осы Ереже Министрліктің құрылтай құжаты болып табылады.

12. Министрліктің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

13. Министрлікке кәсіпкерлік субъектілерімен Министрліктің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Министрлікке заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі. 2. Министрліктің миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері 14. Министрліктің миссиясы – мәдениет саласында сапалы және қолжетімді қызметтер көрсетуге, мемлекеттік және басқа тілдердің қарқынды дамуына, ел бірлігінің нығаюына, мемлекет пен азаматтық сектор әріптестігінің тиімді жүйесін қолдауға бағытталған мемлекеттік саясатты әзірлеу және тиімді іске асыру.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.05.2014 № 441 қаулысымен.

15. Міндеттері:

1) мәдениет, тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану, тіл саясаты саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

2) мәдениет, тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану, тіл саясаты және мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс саласында салааралық үйлестіруді жүзеге асыру;

3) Министрлікке жүктелген өзге де міндеттер.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.05.2014 № 441 қаулысымен.

16. Функциялары:

1) орталық аппараттың функциялары: мәдениет, тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану, тіл саясаты және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру;

Қазақстан Республикасының халқы мәдениетінің дамуы үшін жағдайлар жасау; халықаралық мәдени ынтымақтастық саласындағы қызметті жүзеге асыру және үйлестіру, отандастармен мәдени байланыстарды дамытуға жәрдемдесу;

мемлекеттік органдардың мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыру және іске асыру жөніндегі қызметін үйлестіруді жүзеге асыру;

мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыратын және іске асыратын мемлекеттік органдарға ақпараттық, консультациялық, әдістемелік қолдау көрсету;

мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыру мониторингін жүзеге асыру;

Қазақстан Республикасының Үкіметіне мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыру мониторингінің қорытындылары бойынша ақпарат ұсыну;

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың өнім берушілер тізілімін жүргізуді жүзеге асыру;

мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс саласындағы электрондық ақпараттық ресурстарды құру және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке және заңды тұлғалардың оларға қол жеткізуді ұйымдастыру;

шығармашылық қызметтің әртүрлі салаларында ұлттық (республикалық) және халықаралық конкурстар мен фестивальдар, сыйлықтар мен жүлделер тағайындау;

Республикалық конкурстар мен фестивальдар өткізудің үлгілік қағидаларын әзірлеу және бекіту;

мәдениет, тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану, тіл саясаты, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс салаларындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, бекіту;

мәдениет саласындағы ғылыми бағдарламаларды әзірлеу, бекіту;

дарынды жастарды және перспективалық шығармашылық ұжымдарды іздестіруге және қолдауға бағытталған іс-шаралар кешенін жүзеге асыру;

көтермелеудің салалық жүйесін әзірлеу және бекіту;

мемлекеттік мәдениет ұйымдары қызметкерлерінің санаттарына қойылатын үлгі біліктілік талаптарын әзірлеу және бекіту;

көркемөнерпаздар ұжымдарына «Халықтық» (үлгілі) атағын беру ережесі мен тәртібін әзірлеу және бекіту;

мемлекеттік мәдениет ұйымдары қызметкерлерін аттестаттау қағидаларын бекіту;

Қазақстан Республикасының мұражай қорын қалыптастыру және ұстау тәртібін бекіту;

көркемдік-сарапшы кеңестер туралы ережені бекіту;

мәдени құндылықтарды уақытша әкету жөніндегі сараптау комиссиясы туралы үлгі ережені бекіту;

Мүтедек немесе егде жастағы адамдар үшін сырттай және стационарлық емес қызмет ету нысандары арқылы кітапхана қорларына қол жеткізу қағидаларын бекіту;

Мұражайдың сақтау қоймасындағы мұражай жәдігерлері мен мұражай коллекцияларына қол жеткізу қағидасын бекіту;

;

мәдени-демалыс ұйымдары қызметінің тәртібін бекіту;

Ұлттық стандарттарға сәйкес келмейтін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын, Мемлекеттік Елтаңбасын ауыстыру және жою ережесін әзірлеу;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын, Мемлекеттік Елтаңбасын және олардың бейнелерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Әнұранының мәтінін орналастыру және пайдалану ережесін әзірлеу;

мемлекет меншігі болып табылатын халықаралық және республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдалануға беру жөнінде шешім қабылдау;

объектілерді тарих және мәдениет ескерткіштері деп тану туралы, сондай-ақ оларды мәртебесінен айыру туралы қорытындыларды дайындау жөніндегі уәкілетті органның арнайы комиссиясын құру және оның жұмысын ұйымдастыру;

ұлттық мәдени игілік объектілерінің ерекше режимі жөніндегі сараптау комиссиясын құру;

тарихи-мәдени сараптама жүргізу қағидасын бекіту;

тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау аймақтарын, құрылыс салуды реттеу аймақтарын және қорғалатын табиғи ландшафт аймақтарын айқындау тәртібін және пайдалану режимін әзірлеу;

Қазақстан Республикасының атынан халықаралық және республикалық маңызы бар ескерткіштерге меншік өкілеттіктерін жүзеге асыру;

мәдениет саласында ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді және салааралық үйлестіруді жүзеге асыру;

мемлекеттік мәдениет ұйымдарын құру, қайта ұйымдастыру және тарату жөнінде ұсыныстар енгізу;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мәдениет және өнер қайраткерлеріне құрметті атақтар мен мемлекеттік наградалар беру, Қазақстан Республикасының шығармашылық ұжымдарын марапаттау туралы ұсыныстар енгізу;

мемлекеттік мәдениет ұйымдары мен жекелеген кәсіби көркем, шығармашылық ұжымдарға «Ұлттық» мәртебесін беру туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізу;

барлық санаттағы мәдениет қызметкерлерін қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жүйесін ұйымдастыру;

мәдениет саласында көрсетілетін қызметтерге талдау жүргізу;

саяси партиялармен, қоғамдық бірлестіктермен, үкіметтік емес ұйымдармен, кәсіптік одақтармен және өзге де

ұйымдармен Министрліктің құзыретіне жататын мәселелер бойынша өзара іс-қимыл жасау; ішкі саяси тұрақтылықты, этносаралық келісімді нығайтуға бағытталған халықаралық, республикалық және өзге де іс-шаралар, акциялар мен конкурстар өткізу; «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлеу және бекіту; облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың мәдениет басқармасының басшысын тағайындауды к е л і с у ;

тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органдары құжаттардың әмбебап жинақтарын қалыптастыруды, сақтауды және кітапхана пайдаланушыларға беруді жүргізетін, кітапхана ресурстарын өзара пайдалануды ұйымдастыруды жүзеге асыратын және басқа кітапханаларға әдістемелік көмек көрсететін облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, қалалық және аудандық, облыстық маңызы бар қаланың кітапханаларына «Орталық» мәртебесін берудің тәртібін бекіту; Фильмді ұлттық деп тану қағидаларын бекіту; фильмге прокаттау куәлігінің нысанын бекіту; фильмнің индексін айқындау өлшемдерін әзірлеу және бекіту;

Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру; мәдениет саласында жергілікті атқарушы органдарды үйлестіруді және әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асыру;

Министрліктің кадр саясатында гендерлік теңдік қағидаларын сақтауды қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен әдебиетті республикалық деңгейде қалыптастыру, орналастыру және басып шығаруды бақылау;

Министрліктің қарамағындағы республикалық заңды тұлғаларға қатысты мемлекеттік басқарудың тиісті саласын (а я с ы н) б а с қ а р у д ы жүзеге асыру;

2) ведомстволардың функциялары:

тиісті салаларда нормативтік құқықтық және құқықтық актілерді әзірлеуге қатысу;

Қазақстан Республикасының аумағында тарих, материалдық және рухани мәдениет ескерткіштерін есепке алу, қорғау, консервациялау, реставрациялау және пайдалану жөнінде, сондай-ақ елдің көрнекті мәдениет қайраткерлерін мәңгі есте қалдыру жөнінде іс-шаралар ұйымдастыру және Ұлттық мәдени игілік объектілерінің мемлекеттік тізілімін жүргізу;

тарих және мәдениет ескерткіштеріне археологиялық және (немесе) ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүргізу ж ө н і н д е г і қ ы з м е т т і л и ц е н з и я л а у ;

мәдениет саласында әлеуметтік маңызы бар іс-шаралар өткізу;

республикалық мәдениет ұйымдарын аттестаттауды жүргізу;

тарих және мәдениет ескерткіштерінің орнын ауыстырған немесе өзгерткен кезде оларды ғылыми зерделеу және тіркеу ж ө н і н д е г і жұмыстарды ұйымдастыру;

шығармашылық қызметтің түрлі салаларында ұлттық (республикалық) және халықаралық конкурстар, сыйлықтар мен ж ү л д е л е р ө т к і з у ;

Қазақстан Республикасында мемлекеттік тілді барынша дамытуды, оның халықаралық беделін нығайтуды қамтамасыз е т у ;

республикалық терминологиялық және ономастикалық комиссиялардың қызметін қамтамасыз ету;

жеке және (немесе) заңды тұлғалардың объектілерді Ұлттық мәдени игілік объектілерінің мемлекеттік тізіліміне е н г і з у т у р а л ы ө т і н і ш х а т т а р ы н қ а р а у ;

Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз ету;

ұлттық мәдени игілік объектілерінің ерекше режимінің сақталуын қамтамасыз ету;

қалалар мен басқа да елді мекендерді жоспарлау, салу және реконструкциялау жобаларын, сондай-ақ тарих және мәдениет ескерткіштері бар жерді пайдалану карталарын келісу;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен ұлттық фильмдер ж а с а у ;

фильмдердің мемлекеттік тізілімін жүргізу;

фильмдерге прокаттау куәліктерін беру және оларды сот тәртібімен кері қайтарып алу;

республикалық мемлекеттік мәдениет ұйымдары басшыларының, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары басшыларының мемлекеттік мәдениет ұйымдары мен жекелеген кәсіби көркем, шығармашылық ұжымдарға «Академиялық» мәртебесін беру туралы ұсыныстарын қарау және Қазақстан

Республикасының Үкіметіне мемлекеттік мәдениет ұйымдары мен жекелеген кәсіби көркем, шығармашылық ұжымдарға «Академиялық» мәртебесін беру туралы ұсыныстар енгізу; жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткішінің орнын ауыстыруға немесе өзгертуге келісім беру; халықаралық және республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінде археологиялық және (немесе) ғылыми-реставрациялық жұмыстардың орындалуын бақылау; халықаралық және республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің пайдаланылуы мен күтіп-ұсталу тәртібін бақылау; жаңа тарих және мәдениет ескерткіштерінің орнатылуын бақылау; Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы заңнамасының орындалуын бақылау; лицензиаттың лицензияда көрсетілген шарттарды сақтауын бақылау; жеке және заңды тұлғалардың тарих және мәдениет ескерткіштерін қалпына келтіруін бақылау; Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасында белгіленген талаптардың бұзылуын жою туралы ұсынымдар беру;

тиісті органдарға Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасының бұзылуына кінәлі лауазымды адамдарға тәртіптік жазалау шараларын қолдану туралы ұсыныстар енгізу; орталық және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарында Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасының сақталуын бақылау; мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламаларды іске асыру жөніндегі қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асыру; театр, музыка өнерін, кинематографияны, кітапхана және мұражай ісін дамыту жөніндегі республикалық маңызы бар мемлекеттік мәдениет ұйымдарының қызметін қолдау және үйлестіру, мәдениет саласындағы республикалық мемлекеттік мекемелердің қызметін қамтамасыз ету; музыка және театр өнері саласында репертуарлық саясатты үйлестіру; республика (ауылдық, кенттік, аудандық, қалалық, облыстық, республикалық) мәдениет ұйымдарының қызметін үйлестіру;

меншік нысанына қарамастан, шығармашылық одақтармен және басқа да ұйымдармен мәдениет мәселелері жөнінде өзара іс-қимыл жасау; ономастикалық комиссиялардың қызметін үйлестіру; мәдениет, тілдерді дамыту саласындағы кадрларға қажеттілікті айқындау; Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

Ескерту. 16-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 29.04.2013 № 413 (24.04.2013 бастап қолданысқа енгізіледі); 13.09.2013 N 956; 04.05.2014 № 441 қаулыларымен.

17. Құқықтары мен міндеттері:

- 1) өз құзыреті шегінде орындауға міндетті нормативтік құқықтық актілерді қабылдау;
- 2) мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды тұлғаларынан заңнамада белгіленген тәртіппен қажетті ақпаратты және материалды сұрату және алу;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау;
- 4) Министрліктің жанында консультативтік-кеңесші органдарды құру;
- 5) Министрліктің құзыреті шегінде конкурстарды, фестивальдарды, көрмелерді, конференцияларды, семинарлар және басқа іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;
- 6) заңнамада белгіленген тәртіппен мәдениет және өнер қайраткерлерін мемлекеттік наградаларға ұсыну;
- 7) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

3. Министрліктің қызметін ұйымдастыру 18. Министрлікке басшылықты Министрлікке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

19. Министрліктің бірінші басшысын Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

20. Министрліктің бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

21. Министрліктің бірінші басшысының өкілеттігі:

- 1) қызметі өз бақылауында болатын комитеттердің басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;
- 2) жауапты хатшының келісімімен комитет басшыларының орынбасарларын қызметтерге тағайындайды және қызметтерден босатады;

3) Министрлікте сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етуге бағытталған шараларды қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың қабылдануы үшін дербес жауапты болады;

4) Қазақстан Республикасы Парламентінде, өзге де мемлекеттік органдар мен ұйымдарда Министрліктің атынан өкілдік етеді.

Министрліктің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

22. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

23. Министрліктің аппаратын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын жауапты хатшы басқарады. 4. Министрліктің мүлкі 24. Министрліктің жедел басқару құқығындағы оқшауланған мүлкі болады.

Министрліктің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақпалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

25. Министрлікке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

26. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Министрліктің, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ. 5. Министрлікті қайта ұйымдастыру және тарату 27. Министрлікті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасы

Мәдениет министрлігінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі

Ескерту. Тізбе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.05.2014 № 441 қаулысымен. 1. «Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театры» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

2. «М. Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театры» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

3. «М. Лермонтов атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театры» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

4. «Ғ. Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

5. «Н. Сац атындағы Орыс мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

6. «Құдыс Қожамяров атындағы республикалық мемлекеттік ұйғыр музыкалық комедия театры» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

7. «Республикалық мемлекеттік корей музыкалық комедия театры» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

8. «Республикалық неміс драма театры» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

9. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік орталық мұражайы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

10. «Ә. Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік өнер мұражайы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

11. «Сирек кездесетін қияқты саз аспаптарының мемлекеттік коллекциясы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

12. «Республикалық кітап мұражайы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

13. «Ордабасы» ұлттық тарихи-мәдени қорығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

14. «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

15. «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

16. «Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

17. «Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық халық аспаптар оркестрі» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

18. «Қазақстан Республикасының «Салтанат» мемлекеттік би ансамблі» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

19. «Қазақстан Камератасы» классикалық музыка ансамблі» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

20. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік академиялық би театры» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

21. «Ақ жауын» мемлекеттік камералық оркестрі» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

22. «Қазқайтажаңарту» шарушылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

23. «Шайсұлтан Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

24. «Баспалар үйі» акционерлік қоғамы.
25. «Қазақ әуендері» акционерлік қоғамы.
26. «Қазақстан халқының рухани даму қоры» акционерлік қоғамы.
27. «Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» акционерлік қоғамы.
28. «Астана Опера» Мемлекеттік опера және балет театры» коммерциялық емес акционерлік қоғамы.
29. «Қазақ ғылыми-зерттеу мәдениет институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
30. «Astana Ballet» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
31. «Қазақ энциклопедиясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің

қ а р а м а ғ ы н д а ғ ы

республикалық мемлекеттік мекемелердің тізбесі Ескерту. Тізбе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.05.2014 № 441 қаулысымен.

1. «Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-мұражайы» республикалық мемлекеттік мекемесі.
2. «Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорық-мұражайы» республикалық мемлекеттік мекемесі.
3. «Әзірет-Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы» республикалық мемлекеттік мекемесі.
4. «Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-мұражайы»

р е с п у б л и к а л ы қ м е м л е к е т т і к м е к е м е с і .

5. «Ежелгі Тараз ескерткіштері» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы» республикалық мемлекеттік мекемесі.
6. «Тамғалы» мемлекеттік тарихи-мәдени және табиғи қорық-мұражайы» республикалық мемлекеттік мекемесі.
7. «Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы» республикалық мемлекеттік мекемесі.
8. «Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана» республикалық мемлекеттік мекемесі.
9. «Астана қаласындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы» республикалық мемлекеттік

м е к е м е с і .

10. «Қазақстан Республикасының Ұлттық мұражайы» республикалық мемлекеттік мекемесі.
11. «Достық үйі – Этносаралық қатынастар орталығы» республикалық мемлекеттік мекемесі.
12. «Астана» ұлттық сурет галереясы» республикалық мемлекеттік мекемесі.
13. «Қазақстан Республикасы Ұлттық мемлекеттік кітап палатасы» республикалық мемлекеттік мекемесі. Қазақстан

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4 ж ы л ғ ы 2 9 қ а з а н д а ғ ы

N 1 1 3 0 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі

Ескерту. Тізбе алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 25.01.2013 N 32 Қаулысымен. Қазақстан Республикасы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4 ж ы л ғ ы 2 9 қ а з а н д а ғ ы

N 1 1 3 0 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.06.07 № 753 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.
2. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.
3. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік

пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысына:

к ө р с е т і л г е н қ а у л ы ғ а қ о с ы м ш а д а :

"Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігіне" деген бөлімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетіне". 4. "

Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі Мұрағаттар мен құжаттаманы басқару жөніндегі комитетінің мемлекеттік мекемелерін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 сәуірдегі N 445 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 18, 229-құжат):

т а қ ы р ы п т а ж әне м ә т і н д е :

"Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі Мұрағаттар мен құжаттаманы басқару жөніндегі" деген сөздер "

Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат" деген сөздермен ауыстырылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4 ж ы л ғ ы 2 9 қ а з а н д а ғ ы

N 1 1 3 0 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт

министрлігінің Спорт істері комитеті туралы
 ЕРЕЖЕ Ескерту. Ереже алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2006.05.16 N 405 Қаулысымен. Қазақстан Республикасы
 Үкіметінің
 2004 жылғы 29 қазандағы
 N 1130 қаулысымен
 бекітілген Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт
 министрлігі Спорт істері комитетінің құрылымы Ескерту. Құрылым алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2006.05.16 N
 405 Қаулысымен. Қазақстан Республикасы
 Үкіметінің
 2004 жылғы 29 қазандағы
 N 1130 қаулысымен
 бекітілген Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат
 министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитеті туралы
 ЕРЕЖЕ Ескерту. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.11.29 N 1148 Қаулысымен. Қазақстан Республикасы
 Үкіметінің
 2004 жылғы 29 қазандағы
 N 1130 қаулысымен
 бекітілген Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
 Ақпарат және мұрағат комитетінің құрылымы Ескерту. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.11.29 N 1148
 Қаулысымен. Қазақстан Республикасы
 Үкіметінің
 2004 жылғы 29 қазандағы
 N 1130 қаулысымен
 бекітілген Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт
 министрлігі Спорт істері комитетінің
 қарамағындағы ұйымдардың тізбесі Ескерту. Тізбе алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2006.05.16 N 405 Қаулысымен.
 Қазақстан Республикасы
 Үкіметінің
 2004 жылғы 29 қазандағы
 N 1130 қаулысымен
 бекітілген Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат
 министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің
 қарамағындағы ұйымдардың тізбесі Ескерту. Тізбе алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2010.03.31 N 252 Қаулысымен. РҚАО-ның ескертпесі!
 Тізбемен толықтыру көзделген - ҚР Үкіметінің 2010.06.30 № 675 Қаулысымен (жариялануға жатпайды). Қазақстан
 Республикасы
 Үкіметінің
 2004 жылғы 29 қазандағы
 N 1130 қаулысына
 қосымша Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған
 кейбір шешімдерінің тізбесі 1. "Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі Мұрағаттар мен құжаттаманы
 басқару жөніндегі комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 7 мамырдағы N 543
 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 17, 184-құжат). 2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің
 кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 2
 тамыздағы N 1093 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер
 мен толықтырудың 26-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 40, 343-құжат). 3. "Қазақстан
 Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999
 жылғы 19 қарашадағы N 1755 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 51, 505-құжат). 4. "
 Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің қарауындағы ұйымдардың тізбесін бекіту туралы"
 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 қаңтардағы N 1 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000
 ж., N 1, 2-құжат). 5. "Туристік қызметті лицензиялау мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000
 жылғы 7 ақпандағы N 179 қаулысы 3-тармағының 3) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 5-6,
 71-құжат). 6. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 19 қарашадағы N 1755 қаулысына өзгеріс енгізу
 туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 13 мамырдағы N 703 қаулысы (Қазақстан Республикасының

ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 22, 250-құжат). 7. "Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің қарауындағы ұйымдарды басқаруды жетілдірудің жекелеген мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 13 мамырдағы N 706 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 2-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 22, 251-құжат). 8. "Достық" оқу-спорт кешені" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 шілдедегі N 997 қаулысы 3-тармағының 3) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 28, 332-құжат). 9. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 қаңтардағы N 1 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 14 шілдедегі N 1070 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 29, 362-құжат). 10. "Қазспортқамтамасызету" басқармасы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 14 шілдедегі N 1071 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 4-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 29, 363-құжат). 11. "Н. Әбдіров атындағы спорт комбинаты" мемлекеттік кәсіпорнының жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 ақпандағы N 285 қаулысы 4-тармағының 3) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 8, 84-құжат). 12. "Спорт медицинасы мен оңалту орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 2 наурыздағы N 323 қаулысы 4-тармағының 3) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 9, 102-құжат). 13. "Туристік қызметті лицензиялау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 14 қыркүйектегі N 1213 қаулысы 2-тармағының 3) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 33, 428-құжат). 14. "Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің "Орталық жүзу бассейні" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 26 қыркүйектегі N 1253 қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 4-тармағы.

Ескерту. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.01.28. N 73 қаулысымен. 15. "Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің "Олимпиадалық даярлау орталығы" және "Спортшылардың допингке қарсы зертханасы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындарын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 27 ақпандағы N 251 қаулысы 5-тармағының 2) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 6, 58-құжат). 16. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 маусымдағы N 790 және 2000 жылғы 3 қаңтардағы N 1 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 20 наурыздағы N 343 қаулысы 1-тармағының 1) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 9, 81-құжат). 17. "Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің "Қазинтерспорт" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын тарату туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 30 наурыздағы N 382 қаулысы 3-тармағының 2) тармақшасы. 18. "Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің "Лениногор қаласындағы спорттағы дарынды балаларға арналған республикалық мектеп-интернат" мемлекеттік мекемесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 19 маусымдағы N 673 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 1-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 19, 203-құжат). 19. "Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің Астана қаласындағы "Олимпиадалық даярлау орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 28 қаңтардағы N 99 қаулысы 5-тармағының 2) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 4, 50-құжат). 20. "Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің кейбір республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындарының мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 маусымдағы N 629 қаулысы 5-тармағының 1) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 27, 261-құжат). 21. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 27 тамыздағы N 872 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 3-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 35, 356-құжат). 22. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 19 қарашадағы N 1755 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 19 қыркүйектегі N 953 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 38, 386-құжат). 23. "Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 24 қарашадағы N 1172 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 44, 477-құжат). 24. "Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 қарашадағы N 1180 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 44, 480-құжат). 25. "Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің Өскемен қаласындағы "Олимпиадалық даярлау орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004

жылғы 9 ақпандағы N 151 қаулысы 5-тармағының 2) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 7, 91-құжат). 26. "Қазақстан Республикасы Туризм және спорт агенттігінің "Спорт ғимараттарының құрылысын салу жөніндегі дирекция" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 12 ақпандағы N 169 қаулысы 5-тармағының 2) тармақшасы. 27. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 ақпандағы N 229 және 2003 жылғы 26 қарашадағы N 1180 қаулыларына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 16 ақпандағы N 179 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 8, 100-құжат). 28. "Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің "Олимп" спорт-сауықтыру орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 26 ақпандағы N 234 қаулысы 5-тармағының 2) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 10, 25-құжат). 29. "Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі Мұрағаттар мен құжаттаманы басқару жөніндегі комитетінің мемлекеттік мекемелерін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 сәуірдегі N 445 қаулысының 4-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 18, 229-құжат). 30. "Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің " Астана қаласындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы" мемлекеттік мекемесін құру туралы " Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 23 сәуірдегі N 461 қаулысының 3-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 19, 240-құжат). 31. "Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарына ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер штат санының лимиттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 1 маусымдағы N 604 қаулысының 2-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 23, 292-құжат). 32. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 тамыздағы N 891 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 4-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 30, 415-құжат).